

Прокуратура органдарына алғаш рет кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу жариялайды.

Іріктеу аудан/қала прокуратурасының прокуроры (С-RGP-5 санаты) лауазымдарына жүргізіледі, олардың функционалдық міндеттеріне заңда белгіленген шекте және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру, сотта мемлекет мүдделерін білдіру және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кіреді.

Ең төменгі жалақы – 164 052 теңге.

Іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қабылдауды прокуратура органдарының аумақтық бөлімшелері (байланыс телефондары мен мекенжайлары төменде көрсетілген) **2022 жылғы 21 шілдеден 21 тамызға дейін** жүргізеді.

Алғашқы кәсіптік даярлыққа **іріктеуге қатысу үшін** үміткерлер:

1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда (құқық қорғау қызметінің лауазымдарына арналған тиісті бағдарлама бойынша) тестілеуден, оның ішінде жеке қасиеттерін бағалаудан өту;

2) құқық қорғау органдарының аумақтық бөлімшелеріне (түсу үшін жоспарланған органға) мынадай құжаттарды беру:

- белгіленген үлгідегі өтініш;

- Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- білімі туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімінен өткенін растайтын құжаттар (шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін, салыстыру үшін түпнұсқалары);

- жақын туыстарын, оның ішінде белгіленген нысан бойынша бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған толық толтырылған өмірбаян;

- кез-келген аймақта қызмет етуге келісім беру туралы өтініш;

- әскери билет немесе тіркеу куәлігін тапсыруы қажет.

Құжаттардың толық емес тізбесін, сондай-ақ белгіленген мерзімді бұза отырып ұсыну іріктеуге қатыстырмау үшін негіз болып табылады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы.
2. 18 жастан бастап, бірақ 35 жастан аспауы қажет.
3. Жоғары заңгерлік білім.

Іріктеуге келесі тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 2) құқық қорғау қызметіне тұрар алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
- 3) құқық қорғау қызметіне тұрғанға дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
- 4) қызметке тұрғанға дейін үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қызметке орналасқанға дейін үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
- 5) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан шығарылған;
- 7) бұрын сотталған не қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде көзделген қылмыстық жауаптылықтан босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептер бойынша шығарылған адам.

Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу келесі кезендерді қамтиды:

- 1) іріктеуге қатысуға ниет білдірген азаматтардан құжаттарды қабылдау;
- 2) прокуратура органының аумақтық бөлімшелерінде әңгімелесуден өту;
- 3) әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан өту;
- 4) полиграфологиялық зерттеуден өту;
- 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында (бұдан әрі - Академия) емтихан тапсыру.

Академиядағы емтихан кандидаттың емтихан билетінің қойылған үш сұрағына және Комиссия мүшелерінің қосымша сұрақтарына ауызша жауап беру нысанында өткізіледі.

Емтихан келесі пәндер мен нормативтік құқықтық актілер бойынша өткізіледі:

- 1) конституциялық құқық;
- 2) қылмыстық құқық;
- 3) қылмыстық-процессуалдық құқық;
- 4) әкімшілік құқық;
- 5) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

6) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

7) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Іріктеуден сәтті өткен үміткерлер Академияда алғашқы кәсіптік даярлықтан өтеді.

Алғашқы кәсіптік даярлық мерзімі:

1 жыл (Академияда 6 ай оқу + 6 ай тағылымдама).

Алғашқы кәсіптік даярлықтан өту кезеңінде кандидаттар **40 532** теңге мөлшерінде стипендиямен қамтамасыз етіледі.

Алғашқы кәсіптік даярлықты табысты аяқтаған кандидаттар құқық қорғау қызметіне қабылданады, бұл ретте лауазымға тағайындау бір мезгілде сыныптық шен беріле отырып, сынақ мерзімінсіз жүргізілетін болады.

Кандидаттар құқық қорғау қызметіне тұру кезінде құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға дайын болуға тиіс.

Құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулер:

Қызметкер:

1) өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға, партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да бір саяси партияны қолдауға, құқық қорғау органдары жүйесінде өз мүшелерінің еңбек, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту үшін олардың кәсіби мүдделерінің ортақтығына негізделген саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктер құруға;

2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін басқа қызметпен айналысуға;

3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға;

4) заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

5) қызметтік емес мақсаттарда оның қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты пайдалануға;

6) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;

7) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін жеке мақсатта пайдалануға;

8) өзінің қызметтік жағдайын пайдакүннемдік мақсатта, оның ішінде лауазымды және өзге де адамдармен сөз байласу жолымен пайдалануға;

9) өзінің жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымды атқаруға құқылы емес.

Қызметкер лауазымға кіріскеннен кейін бір ай ішінде құқық қорғау қызметін өткеру уақытында өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген өзге де мүлікті қоспағанда, өзінің меншігіндегі коммерциялық ұйымдардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) және пайдаланылуы табыс алуға әкеп соғатын өзге де мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттар нотариалдық куәландырылуы тиіс.

Қызметкердің сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен, оның ішінде сыйақы, дивидендтер, ұтыстар, мүлікті жалға беруден және басқа да заңды көздерден табыс алуға құқығы бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірге қызмет етуіне (жұмысына) жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау.

Іріктеу тәртібі және алғашқы кәсіптік даярлықтан өту шарттары «Прокуратура органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және оны өткізу шарттарының, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінің қағидаларын бекіту туралы» Бас Прокурордың 2020 жылғы 26 маусымдағы №80, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 14 шілдедегі №675 және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №199 бірлескен бұйрығымен реттеледі.

Академияның анықтама телефоны: 8(7165)16-81-39

Іріктеуге құжаттар қабылдайтын прокуратура органдарының аумақтық бөлімшелерінің орналасқан мекенжайы және байланыс телефондары:

Прокуратура органдары:

№	Мекеме атауы	Байланыс телефоны	Пошта мекен-жайы
1.	Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасы	8 (7172) 71- 21- 12 8 (7172) 71- 24- 07 8 (7172) 71- 24- 16	п/и 010000 Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 31
2.	Алматы қаласы прокуратурасы	8(7272) 265-05-15 8(7272) 265-04-41	п/и 050000 Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі,189
3.	Шымкент қаласы прокуратурасы	8 (7252) 53-47-42	п/и 160000 Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 97
4.	Алматы облысы прокуратурасы	8 (7282) 24-17-81 8 (7282) 24-81-16	п/и 040000 Талдықорған қаласы, М.Төлебаев көшесі, 51
5.	Ақмола облысы прокуратурасы	8 (7162) 25-05-93	п/и 020000 Көкшетау қаласы, Біржан Сал көшесі, 45
6.	Ақтөбе облысы прокуратурасы	8 (7132) 90- 14-58 8 (7132) 90- 14-59	п/и 030000 Ақтөбе қаласы, Ө.Сейітов көшесі,6
7.	Атырау облысы прокуратурасы	8 (7122) 27-08-01	п/и 060011 Атырау қаласы, А.Молдағұлова көшесі, 245
8.	Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасы	8 (7232) 24-18-24	п/и 070004 Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 21
9.	Жамбыл облысы прокуратурасы	8 (7262) 45- 29- 41	п/и 080000, Тараз қаласы, М.Х.Дулати көшесі, 23
10.	Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы	8 (7112) 50 -33- 47	п/и 090000 Орал қаласы,

			Жұбан Молдағалиев көшесі, 23
11.	Қарағанды облысы прокуратурасы	8 (7212) 35-35-95	и/п 100026 Қарағанды қаласы, Құрылысшылар даңғылы, 28а
12.	Қостанай облысы прокуратурасы	8 (7142) 53-41-38 8 (7142) 54-94-86	п/и 110000 Қостанай қаласы, Алтынсарин көш., 118А
13.	Қызылорда облысы прокуратурасы	8 (7242) 27-43-75	п/и 120001 Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, 1
14.	Маңғыстау облысы прокуратурасы	8 (7292) 42-34-10 (вн.121)	п/и 130000 Ақтау қаласы, 15 ықшамаудан, 56/1
15.	Павлодар облысы прокуратурасы	8 (7182) 31- 50- 82	п/и 140000 Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі,3
16.	Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасы	8(7152) 46-14-87	п/и: 150000 Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 15
17.	Түркістан облысы прокуратурасы	8 (72533) 4-12-46	п/и 161200 Түркістан, С.Қожанов көшесі, 44 Б
18.	Бас көлік прокуратурасы	8 (7172) 71- 22- 20	п/и: 010000 Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14

Өтініш бланкісі

Құқық қорғау органының
аумақтық бөлімшесінің,
ведомствосының немесе
мекемесінің басшысына

Өтініш

Маған _____
Т. А. Ә. (бар болса, толық)

алғашқы кәсіби даярлыққа іріктеуге қатысуға рұқсат беруіңізді
сұраймын.

Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу шарттарымен және тәртібімен
таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Келесі құжаттарды ұсындым:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

(Қолы)

А.Т.Ә. (болған кезде)

" ____ " _____ 20 ____ ж.

ӨМІРБАЯН

Өмірбаянды кандидат өз қолымен, еркін түрде, шимайсыз және түзетулерсіз, төмендегі мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып жазады:

Автобиография пишется кандидатом собственноручно, в произвольной форме, без поправок и исправлений, с обязательным указанием следующих сведений:

- тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, ұлты, ана тілі, тағы қандай тілдерді біледі;
- фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность, родной язык, какими языками еще владеет;
- қашан, қайда, қандай оқу орындарында оқыды, білімі бойынша мамандығы;
- когда, где, в каких учебных заведениях учился, специальность по образованию;
- кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауы мен мекенжайы, бір жұмыстан басқа жұмысқа ауысу себебі көрсетіле отырып, кім болып, қашан және қайда жұмыс істеді, тәртіптік, материалдық немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылды ма (қашан, кім қолданды, не үшін, ықпал ету шарасы);
- кем, когда и где работал с указанием полного наименования и адреса предприятия, учреждения или организации, причины перехода с одной работы на другую, применялись ли меры дисциплинарного, материального или общественного воздействия (когда, кем, за что, мера воздействия);
- әскери міндеттілікке қатысы, міндетті әскери қызметке қашан және қандай әскери комиссариат шақырды (егер шақырылмаса, себебі көрсетілісін), қандай әскери бөлімдерде (нөмірлері көрсетілісін) және кім болып қызмет өткерді, Қарулы Күштерден запасқа қашан және қандай лауазымнан босатылды, әскери атағы;
- отношение к воинской обязанности, когда и каким военкоматом призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу, когда и с какой должности уволен в запас Вооруженных Сил, воинское звание;
- отбасы жағдайы, қашан некеге тұрды, әйелінің (ерінің) тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, ұлты, жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері; кандидат пен оның әйелінің (ерінің) жақын туысқандары; әкесі, шешесі, аға-інілері, апа-

ӨМІРБАЯН АВТОБИОГРАФИЯ

—
(тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя,
отчество)

қарындастары (сінділері) мен балалары, сондай-ақ бұрынғы әйелдері (ерлері) және олардың жақын туысқандарына қатысты осындай мәліметтер, ажырасу себептері көрсетіле отырып, некені бұзу туралы куәліктерінің нөмірлері, оларды қандай орган және қашан берді; егер кандидат, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандары тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен болса, онда олардың бұрынғы анықтамалық деректері көрсетіледі, туысқандарынан кім ішкі істер органдарында немесе ішкі әскерлерде қызмет етеді (туысқандық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты, қайда, лауазымы, арнайы немесе әскери атағы);

- семейное положение, когда вступил в брак, фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность; место работы и должность, место жительства жены (мужа); такие же сведения на близких родственников кандидата и его жены (мужа); отца, мать, братьев, сестер и детей, а также на бывших жен (мужей) и их близких родственников с указанием причин развода, номера свидетельств о расторжении брака, когда и каким органом оно выдано; если кандидат, его жена (муж) или их близкие родственники изменяли фамилию, имя, отчество, то указывается и их прежние установочные данные; служит ли кто из родственников в органах внутренних дел или во внутренних войсках (степень родства, фамилия, имя, отчество, где, должность, специальное или воинское звание);

- кандидат, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандарынан біреу шетел азаматтығында тұрды ма (кім, туысқандық дәрежесі), олардың ішінде кім шетелде болды (қашан, қайда, қандай мақсатпен) немесе тұрақты тұруға шетелге шығу үшін өтініш білдірді (қашан, қандай себеппен), шетелдерде тұратын туысқандары бар ма (тегі, аты, әкесінің аты, туысқандық дәрежесі, немен айналысады, қайда тұрады), олармен байланыс қалай іске асады;

- состоял ли кандидат, его жена (муж) или кто-нибудь из их родственников в иностранном гражданстве (кто, степень родства), кто из них был за границей (когда, где, с какой целью) или ходатайствовал о выезде за границу на постоянное место жительства (когда, по какой причине), имеются ли родственники, проживающие за границей (фамилия, имя, отчество, степень родства, род занятий, где проживают), в чем выражается связь с ними;

- кандидат, оның әйелі (ері) немесе олардың жақын туысқандарынан біреу қылмыстық не әкімшілік жауаптылыққа тартылған ба (қашан, не үшін, жазалау

шарасы);

- привлекался ли кандидат, его жена (муж) или кто-либо из их близких родственников к уголовной или административной ответственности (когда, за что, мера наказания);

- соңғы жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері, егер бір жерден екінші жерге көшуге тура келсе, бұрынғы тұрғылықты жерлері көрсетіледі.

- место последней работы и должность, место жительства, если приходилось переезжать с одного места жительства на другое, то указываются прежние места жительства.